



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. 30 қарашадағы
Павлодар қаласы

№ 108/049
город Павлодар

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша
5-6 сынып оқушыларына арналған
республикалық олимпиаданың қалалық
кезеңін өткізу туралы**

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының 2023 жылғы 28 қарашадағы № 745/15-11-04 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 5-6 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) қалалық кезеңі 2023 жылғы 11-12 желтоқсанда Павлодар қаласының Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінде өткізілсін.
2. Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің құрамы (1-қосымша), қазылар алқасы мүшелерінің тізімі (2-қосымша) бекітілсін.
3. «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы (А. Мухаметжанова) олимпиаданың құжаттарын, өткізу барысын ұйымдастырсын.
4. Павлодар қаласының Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебі (Л. Жусупова) олимпиаданың өткізілуіне қолайлы жағдай жасасын.
5. Мектеп басшылары олимпиадаға қатысушылардың уақытымен келіп-қайтуын қамтамасыз етсін, жол жүру барысында балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін топ жетекшілеріне жүктелуін қарастырсын.
6. Қазылар алқасы мүшелеріне жұмыс уақытының табеліне сәйкес төлемақы жүргізілсін (А. Мухаметжанова).
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі басшысының орынбасары Ж. Асаиноваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Қ. Қыдралин

Таныстырылды

Асаинова Машат Кудатаевна

0002047